

## Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалау тұжырымдамасы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 19 наурыздағы N 70 Өкімі. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен (P050124)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996-1997 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын орындау мақсатында :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалар тұжырымдамасы мақұлданын.
2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалау жөніндегі шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін .
3. Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалау жөніндегі шаралардың күнтізбелік жоспарына енгізілген әзірлеушілер болып табылатын жұмыс тобы, министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге орталық атқарушы органдар Заңдардың жобаларын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне белгіленген мерзімдерге қатаң сәйкестікте дайындауды және енгізуді қамтамасыз етсін.
4. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С.Павловқа жүктелсін.

### *Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 19 наурыздағы  
N 70 өкімімен  
мақұлданған

## **Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалау тұжырымдамасы**

### **1. Кіріспе**

Лайықты қарттықты материалдық жағынан қамтамасыз ету дүние жүзінің барлық елдері үшін, соның ішінде экономикалық тұрғыдан дәулетті елдер үшін де көкейтесті проблема. Бұған мемлекет пен азаматтың, жұмыс беруші мен

қызметкердің, ата-аналар мен балалардың әлеуметтік және экономикалық өзара қарым-қатынастарының эволюциясы себепті халықтың жалпы санындағы қарт азаматтар үлесінің табиғи түрде ұлғаюы негіз болып отыр.

Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген, ұрпақтардың ынтымағы принципіне негізделген зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі іс жүзінде өзінің мүмкіндіктерін тауысты. Зейнетақы қорының қаржы жағдайының дағдарысы түбегейлі өзгерістерді және зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіне шұғыл реформалар жүргізуді талап етеді.

Ұсынылып отырған Тұжырымдама зейнетақыны реформалаудың стратегиялық бағыттарын айқындайды.

## **2. Зейнетақымен қамсыздандырудың қазіргі жайы-күйі**

Зейнетақымен қамсыздандырудың қолданылып жүрген жүйесі есепте тұрған зейнеткерлерге зейнетақыны жұмыс істеушілердің міндетті зейнетақы жарналары есебінен төлеуге негізделген.

Қолданылып жүрген зейнетақы жүйесінің түйінді сипаттамалары мыналар болады:

- \* зейнетақымен қамсыздандыруға мемлекеттік монополия;
- \* қартайғанда өзін материалдық қамсыздану үшін азаматтардың жеке жауапкершілігінің жоқтығы себепті міндетті зейнетақы жарналарының иесіздігі;
- \* зейнетақы қаражатын жүйе ішінде қайта бөлу.

Мұндай жүйе тек жоспарлы директивалық экономика, еңбекке қабілетті халықтың іс жүзінде жұмыспен толық қамтылуы, мемлекеттік аппараттың жаппай бақылауы және зейнеткерлер мен жұмыс беруші азаматтардың қалыптасқан ара салмағы жағдайында ғана тиімді. Сондықтан зейнетақы жүйесі зейнетақының біршама жоғары деңгейін қамтамасыз етті - оның мөлшері жұмыс істеген соңғы жылдары алынған жалақыға, еңбек стажы мен жасына байланысты болды, ал жеңілдіктердің көптігі зейнетке шығуға қызықтырды.

Экономикалық жағдайдың өзгеруі қалыптасқан зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуін бұзды.

Зейнетақы жүйесі, бір жағынан, көптеген зейнеткерлердің ең төмен деңгейдегі қажеттерін қамтамасыз ете алмайтын болды, екінші жағынан, экономика үшін ауыртпалықты болды.

Зейнетақымен қамсыздандырудың қолданылып жүрген жүйесінің принципті кемшіліктері айқын аңғарылды:

1. Жарналардың мөлшері мен зейнетақы төлемдерінің мөлшері арасындағы тікелей байланыстың жоқтығы. Зейнетақы қорына жарналар иесіздікпен төленді, бірақ жұмыс берушісінің зейнетақы қорына жарналарды тұрақты түрде және



катынастарда принципті өзгерістерге мұқтаж болып отыр. Зейнетақымен камсыздандыру жүйесін реформалау мемлекет экономикасын дамытуға жәрдемдесе алады, ал барлық зейнеткерлердің материалдық жағынан камсыздандырылуы соның жай-күйіне байланысты.

### **3. Зейнетақыны реформалаудың негізгі принциптері мен бағыттары**

Ұрпақтардың ынтымағы принципінен дербес зейнетақы салымы принципіне, мемлекеттік зейнетақы жүйесінен мемлекеттік емес зейнетақы жүйесіне басымрақ көшу реформаны жүргізудің негізгі принципі болуы тиіс. Мыналар басқа принциптер болып табылады:

- \* зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеу;  
зейнетақы қорларын қалыптастыруға кемінде 30 жыл қатысқан азаматтар үшін белгіленген ең төмен күнкөріс минимумын қамтамасыз ету жөніндегі тікелей мемлекеттік кепілдіктер;
- \* зейнетақы салымдары мен басқа да әлеуметтік камсыздандыру нысандарының ара жігін ажырату;
- \* еңбекке қабілетті жастағы әрбір азамат, "Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы адамдары мен қатардағы құрамын және олардың отбасыларын зейнетақымен камсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші қолданылатын азаматтарды қоса алғанда, зейнетақы қорлануын қалыптастыруға міндетті түрде қатысуға тиіс;
- \* еңбекке қабілетті азаматтардың қартайғанда өзінің зейнетақымен камсыздандырылуы үшін жеке жауапкершілігі;
- \* зейнетақы салымының қауіпсіздігімен ұштастыра отырып инвестициялаудың тиімділігі;
- \* азаматтардың мемлекеттік емес зейнетақы жүйесіндегі қорланған қаражатты мұралану құқығын қамтамасыз ету;
- \* әрбір азаматтың қосымша ерікті зейнетақымен камсыздандырылуға құқығы бар;
- \* азаматтардың зейнетақы салымын инвестициялау арқылы экономикаға үлес қосу.

Есепте тұрған зейнеткерлердің зейнетақы алу құқығын іске асыру қажеттігіне, сондай-ақ егде жастағы (зейнеткерліктің алдындағы жастағы) көптеген азаматтардың мемлекеттік емес зейнетақы жүйесіне жеткілікті зейнетақы салымын қорландыруының мүмкін еместілігіне байланысты туып отырған өтпелі кезеңде есепте тұрған зейнеткерлерге мемлекет Зейнетақы қорынан алатын зейнетақы мөлшерін сақтауға кепілдік береді.

Зейнетақы реформасы басталғаннан кейін зейнетке шыққан азаматтарға мемлекеттік зейнетақының мөлшері олардың мемлекеттік емес зейнетақы

жүйесіне ықтимал қатысатын жылдарының санына сайма-сай қысқартылатын болады.

Азаматтардың міндетті жарналар есебінен мемлекеттік емес зейнетақы қорларындағы қорланған қаражаты есебінен төленетін зейнетақы негізгі зейнетақыға айналады және зейнетақымен қамсыздандыруда басты роль атқаратын болады. Бұл зейнетақының принципті айырмашылығы әрбір жұмыс істеушінің өзінің болашақ зейнетақысының мөлшерін өзі белгілейтінінде. Зейнетақы шамасы нақты адамның өмірінің ұзақтығына және зейнетақы жарналарына, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялаудан қосымша аударымдарына (дивидендтерге) толық байланысты болады. Бұл зейнетақы дербестендіру принциптеріне негізделеді, мұның өзі азаматтардың жекелеген санаттарында қандай да болсын артықшылықтарды (жеңілдіктерді) жоққа шығарады.

Қосымша зейнетақы жұмыс істеушілердің немесе олардың жұмыс берушілерінің ерікті жарналары есебінен құралуы мүмкін.

"Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы адамдары мен қатардағы құрамын және олардың отбасыларын зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші қолданылатын азаматтардың мемлекеттік және мемлекеттік емес зейнетақы қорларының қаражатын құрауға қатысуы зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалау мақсаттарына сәйкес айқындалады. Бұл ретте мемлекеттік және мемлекеттік емес зейнетақы қорларына қатысушылардың құқықтары, кепілдіктері мен міндеттері азаматтардың аталған санатына қолданылады.

Зейнетақы жүйесін реформалау белгілі бір уақытты қажет етеді, бұл уақыт ішінде мемлекет есепте тұрған және реформа басталғаннан кейін зейнетке шыққан барлық зейнеткерлермен қабылданған міндеттемелер шегінде есеп айырысуға тиіс.

Екінші жағынан, реформалар басталар сәтте зейнетақымен қамсыздандырудың қазіргі деңгейін тұрақтандыратын және зейнетақымен қамсыздандырудың жаңа тиімді жүйесін құру үшін алғы шарттар жасайтын мынадай шаралар қолданылады:

- \* зейнетақы жеңілдіктерін беру саясаты қайта қаралады;
- \* еңбек стажын есептеу және зейнетақыны есептеу тәртібі оңайлатылады;
- \* әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігіне байланысты зейнетақы мен асыраушысынан айрылуына байланысты зейнетақы төлеу мемлекеттік Зейнетақы қорынан мемлекеттік бюджетке және жұмыс берушілердің қызметкерлерді міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне ауыстырылады;
- \* мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі барлық функциялар Зейнетақы қорына орталықтандырылады;

\* зейнетақы жарналарына қарай зейнетақы құраудың және тағайындаудың жаңа принциптеріне көшу кезінде бүкіл зейнетақы процесін реттеу мақсатында зейнетақы қорларының автоматтандырылған жүйесі негізінде азаматтардың зейнетақы шоттарының дербестендірілген есебі енгізіледі;

\* еркектер мен әйелдердің зейнетке шығуының шекті жасы 2016 жылға дейінгі кезеңде бірте-бірте өсіріліп, теңестіріледі;

\* мемлекеттік емес зейнетақы қорларының қызметін мемлекет тарапынан реттеу және бақылау қамтамасыз етіледі, зейнетақы (ғұмырлық зейнетақы рентасын) төлеуді қамтамасыз ету үшін қорлар мен сақтандыру компанияларының зейнетақы активтерін басқару жөніндегі ұйымдардың жұмыс істеуі үшін жағдай жасалады.

#### **4. Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің ұйымдық құрылымы**

Мемлекеттік Зейнетақы қоры реформа басталған кезде есепте тұрған зейнеткерлердің, сондай-ақ реформа басталарда еңбек стажы болған азаматтардың бәріне қызмет көрсететін болады.

Мемлекеттік емес зейнетақы қорлары қызметінің негізгі саласы - ресурстары қызметкерлердің еңбек табыстарының жарна есептеу үшін белгіленген 10 процентінен есептелетін міндетті сақтандыру жарналарының есебінен құралатын зейнетақылар. Мұндай жарналар қызметкер өзі таңдап алған мемлекеттік емес зейнетақы қорына аударылатын болады.

Қосымша зейнетақылар қызметкерлердің және/немесе олардың жұмыс берушілерінің ерікті жарналары есебінен мемлекеттік емес зейнетақы қорларында құралады. Бұл зейнетақылар үшін салық салынбайтын ерікті зейнетақы жарнасының шекті нормасын белгілеу көзделіп отыр.

Мемлекеттік емес зейнетақы қорлары құралу принципі бойынша мыналарға б ө л і н е д і :

\* зейнетақыны азаматтардың міндетті және ерікті жарналарынан құрауды жүзеге асыратын ашық қорлар;

\* жекелеген кәсіпорынның немесе саланың шеңберінде құрылатын және қосымша зейнетақыны қызметкерлердің және/немесе олардың жұмыс берушілерінің ерікті жарналарынан құрайтын кооперативтік (кәсіптік) қорлар.

Мемлекеттік емес зейнетақы қорлары қызметінің негізгі принциптері:

\* қорларды жеке басқару және салымшылардың қорды еркін таңдауына мүмкіндік беру ;

\* қарапайымдылық, кінәратсыздық және сенімділік;

\* уәкілетті мемлекеттік органдардың қатаң реттеуі және олардың тарапынан сенімді қадағалау ;

\* операциялық тиімділік ;

\* азаматтарға шоттағы қаражаттың мөлшері туралы ақпаратты (көшірмені) кезең-кезеңімен (құпия түрде) беріп тұру;

\* қор активтерін ұйымның басқарушылары арқылы басқару.

### **5. Мемлекеттік зейнетақы қорының өтпелі кезеңге арналған қаржы ресурстарын қалыптастыру**

Зейнетақыларды ағымдағы зейнетақылық жарналардан төлеу жүйесі бойынша жұмыс істейтін қолданылып жүрген мемлекеттік Зейнетақы қорын қайта құру зейнетақы реформасының мақсаттары мен міндеттерін басшылыққа ала отырып жүргізіледі. Бұл ретте есепте тұрған зейнеткерлерге алып жүрген зейнетақысының мөлшерін сақтауға кепілдік беріледі. Болашақ зейнеткерлерге мемлекеттік Зейнетақы қорынан төленетін зейнетақының мөлшері олардың мемлекеттік емес зейнетақы жүйесіне қатысуы мүмкін жылдарының санына с а й м а - с а й а з а й т ы л а д ы .

Мемлекеттік зейнетақы қорының құралу көздері мыналар болып табылады:

\* азаматтардың міндетті зейнетақы жарналары;

\* республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттер.

Реформаның мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінен мемлекеттік емес жүйесіне ауысуды көздейтін мақсатын назарға ала отырып, азаматтардың мемлекеттік зейнетақы қорын қалыптастыруға қатысуы жөніндегі міндеттемелері шектеулі уақыт кезеңіне арналып белгіленеді және ол кейіннен тоқтатылды. Мемлекеттік зейнетақы қорына төленетін міндетті жарнаның реформа басталған кездегі ставкасы жарна есептеу үшін айқындалған еңбек табысының 10% мөлшерінде белгіленеді, ол кейіннен бірте-бірте азайтылып 10 жыл ішінде нөлге жетеді.

Мемлекеттік зейнетақы қорының теңгерімділігі осы мақсаттарға табиғи ресурстарды пайдаланудан, мемлекеттік меншікті пайдаланудан немесе сатудан алынатын "роялти" үлгісімен, яғни көп ретте аға ұрпақтың еңбегімен жасалған қайнар көздерден түсетін кірістермен нығайтылып, республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттер есебінен қамтамасыз етіледі.

### **6. Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін мемлекеттік реттеу**

Салымшылар мен зейнетақы алушылардың мүддесін қорғау мақсатында мемлекеттік емес зейнетақы қорларының жұмысын реттеу мыналарды көздеуге т и і с :

\* жарналар мен төлемдер мөлшерінің ара қатынасы бөлігінде зейнетақылық сызбаның негізділігін тексеру;

\* басқарушы органдардың жарғылық қорының ең төменгі мөлшерін белгілеу, жекеменшік қаражаттың жеткіліктілігіне талап қоюды енгізу және бір заемшыға шаққандағы тәуекелдіктің ең жоғары мөлшерін шектеу;

- \* кастодиандарды лицензиялау және реттеу;
- \* мемлекеттік емес зейнетақы қорлары мен басқарушы органдардың қаржылық жай-күйі ақпаратының жариялылығы мен кінәратсыздығы;
- \* инвестициялық портфелінің құрылымына және зейнетақы активтерінің салымдарын бейтараптандыруға шектеу енгізу;
- \* сыртқы аудит, активтерді және мемлекеттік емес зейнетақы қоры мен басқарушы ұйымдардың баланс жағдайын бағалау;
- \* мемлекеттік емес зейнетақы қорының жұмыс істеген кезеңде банкротқа ұшырау мүмкіндігінен қорғау үшін резерв жасау және қаражатты сақтандыру тетіктерін енгізу;

\* мемлекеттік емес зейнетақы қорлары арасындағы бәсекелестікті дамыту.

Зейнетақыны жинау мен төлеу зейнетақы активтерін инвестициялаудан бөлінетін болады. Бұл үшін мемлекеттік емес зейнетақы қорлары зейнетақы активтерін тиісті лицензиясы бар басқарушы ұйымдар басқармасына өткізуге тиіс.

Басқарушы ұйымдарға мынадай талаптар қойылады:

- \* сенімділік және пайымдылық;
- \* тәуекелдікті бейтараптандыру;
- \* тиісті қадағалаушы органдар тарапынан қатаң реттеу және бақылау жасау;
- \* маркетингтік және әкімшілік шығыстарға барынша шектеу.

Басқарушы ұйымдардың жұмысын лицензиялау мен реттеуді уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асыратын болады.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мемлекеттік емес зейнетақы қорларының жұмысын лицензиялауды және қадағалауды жүзеге асырады.

## **7. Зейнетақы жарналары мен төлемдерін есепке алу және оларға салық салу жүйесі**

Мемлекеттік емес зейнетақы қорларының бухгалтерлік есеп жүргізудің жалпы принциптері мен ережелері негізінде құрылуы тиіс.

Дербестендірілген есеп жеке сақтандыру жарналарын, инвестициялық табысты және төлемдерді көрсетеді. Жеке шотта сақталатын ақпарат құпия болып табылады.

Осы міндетті жүзеге асыру үшін Тұжырымдама тиісті ақпараттық жүйені әзірлеп, енгізуді көздейді.

Жаңа зейнетақы жүйесі мыналарды көздейді:

- \* заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік емес зейнетақы қорындағы жарналарын салық салудан босату;



\* мемлекеттік емес зейнетақы қорының инвестициялық табысын салық салудан босату ;

\* зейнетақы төлемдеріне табыс салығын салу.

## **8. Қорытынды**

Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалау оның мақсатын, сондай-ақ оның барысында туындайтын проблемаларды халықтың қалың жігіне кеңінен түсіндіргенде жүзеге асырылуы мүмкін.

Дайындық кезеңінде жаңа зейнетақы жүйесін қолдайтын және азаматтардың мүдделерін қорғайтын құқықтық және нормативтік актілердің бүкіл кешені әзірленіп, қабылданатын болады.

Нарықтық экономикаға баламалы жаңа зейнетақы жүйесін құру жаңа экономикалық жағдайда халықты нақты қорғаудың шұғыл міндетті болып табылады. Сонымен бірге осы міндетті іске асыру уақыты әлеуметтік қорғаудың барлық жүйесіне реформа жүргізу жағдайында мүмкін.

Қ а з а қ с т а н        Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 7        ж ы л ғ ы        1 9        н а у р ы з д а ғ ы

№    7 0        ө к і м і м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасында Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалау жөніндегі шаралардың күнтізбелік жоспары**

*Ескерту. Жоспар күшін жойды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.07.01. N 1040 қаулысымен .*